Қазақстан Республикасы
ІІМ Басқару академиясы

ХАТТАМА
№ 10
Астана қ.
2026 ж. 02.05.

Академия управления
МВД Республики Казахстан

ПРОТОКОЛ
№ 10
г. Астана
02.05.2026 г.

Қатысты:

1 Ж.Р. Дильбарханова, (Ғылыми кеңес төраға), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы (бұдан әрі - Академия) бастығы, з.ғ.д., профессор, полиция полковнигі;

2 А.Г. Кан, (төрағасы орынбасарының), басшы құрамды даярлау факультетінің бастығы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

3 С.М. Иманғали, Қазақстан Республикасы ІІМ Жеке құраммен жұмыс жөніндегі департаменті ведомстволық білім беруді ұйымдастыру басқармасының бастығы полиция подполковнигі;

4 А.Б. Айтуарова, Академияның Ғылыми кеңесінің ғалым хатшы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

5 К.Е. Аблезов, жоспарлау және бақылау бөлімінің бастығы полиция полковнигі;

6 А.Ж. Жаксылыков, жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі;

7 Ж.Ш. Кусаинов, ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция полковнигі;

8 Н.К. Сейтжанова, Академияның оқу-әдістемелік бөлімінің бастығы философия докторы (PhD) полиция полковнигі;

9 Н.К. Бектурсунов, қоғамдық және пенитенциарлық қауіпсіздік факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полковник;

10 Э.А. Алимова, ғылыми-зерттеу институтының бастығы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

11 Е.М. Хакимов, ғылыми-зерттеу институты бастығының орынбасары, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция подполковнигі;

12 Д.Ж. Рахметов, Ұлттық ұланың қызметтік-жауынгерлік іс-қимыл кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полковнигі;

13 Баймуханов Е.М., жалпы даярлық кафедрасының бастығы, с.ғ.к., қауымдастырылған профессор, полиция полковнигі;

14 И.С. Приходько, арнайы даярлық кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі;

15 А.К. Искаков, қылмыстық-атқару жүйесінің қызметтік қызметі кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі;

16 А.М. Кусаинова, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің докторанты, полиция подполковнигі.

Отырысты Ж.Р. Дильбарханова, Академия бастығының міндетін атқарушы, з.ғ.д., профессор, полиция полковнигі.

Ж.Р. Дильбарханова кворумды анықтады (ғалым хатшы, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі А.Б. Айтуарованың баяндамасы негізінде).

А.Б. Айтуарова: Бүгінгі таңда тізім бойынша 16 адам, себебі жоқ, 16 адам бар. Осылайша кворум жиналды.

Тексеріледі:

- келу парағының болуы (бар болса, қатысқандардың барлығы қол қойды);
- Ғылыми кеңестің шешімдері жобасының болуы (берілген);
- Ғылыми кеңестің материалдары (барлығында бар);
- отырыс өткізудің шарттары мен форматы туралы айтылды.

Ж.Р. Дильбарханова: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан 2026 жылғы 27–30 сәуір аралығында жүргізілген Басқару академиясының мемлекеттік аттестаттау нәтижелерін талқылау бойынша Ғылыми кеңестің кезектен тыс отырысын бастаймыз.

Күн тәртібі жарияланады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері күн тәртібімен таныстырылды):

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Басқару академиясының мемлекеттік аттестаттау қорытындылары туралы. Баяндамашы: К.Е. Аблезов.

2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан 2026 жылғы 27–30 сәуір аралығында анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылау туралы. Баяндамашы: К.Е. Аблезов

Күн тәртібі дауыс беруге шығарылады (Ғылыми кеңестің барлық мүшелері таныста, барлығының қолында).

Ж.Р. Дильбарханова: Қарсылық болмаса, дауыс беруге көшуіңізді сұраймын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

1 Ж.Р. Дильбарханова: Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге көшу туралы ұсыныс жасайды «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Басқару академиясының мемлекеттік аттестаттау қорытындылары туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: К.Е. Аблезов, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті төраға, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, «7М12302 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың алдағы бітіруіне

байланысты, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі дипломдар беру қарастырылған.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан 2026 жылғы 27–30 сәуір аралығында Басқару академиясында мемлекеттік аттестаттау жүргізілді. Қазіргі таңда сіздерді оның қорытындыларымен таныстырамын.

Мемлекеттік аттестаттау Академия ұсынатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша келесі кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды:

– Академия сайтында Ғылыми кеңестің 2026 жылғы 25 наурыздағы №8 хаттамасының болмауы;

– Оқу-әдістемелік кеңес құрамына енгізілгеніне қарамастан, қоғамдық ұйым өкілінің жұмысына нақты қатысуының болмауы;

– Оқу-әдістемелік кеңестің жекелеген *талдамалық материалдарында* статистикалық сипаттағы дәлсіздіктер жіберілген, атап айтқанда бейіндік магистратура білім алушылары контингентінің саны мен қысқы емтихан сессиясының нәтижелерін талдау деректері арасында сәйкессіздік бар;

– Даму стратегиясында Академияның үшінші миссиясы бойынша міндеттер жеткілікті деңгейде ашылмаған. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, жоғары оқу орнының үшінші миссиясы – өңір мен елдің әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына үлес қосу арқылы қоғам өміріне белсенді қатысу;

– Білім алушылар контингенті бойынша:

нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкессіздіктер және құжаттарды рәсімдеуде бұзушылықтар анықталған:

- кандидат Бибісара Жеңісбекқызы бойынша;
- кандидат Әліжан Бахадаруұлы Ақылбеков бойынша;
- докторант Ермахан Нұрмаханұлы Жақыпбеков бойынша.

– Білім алушылардың білім деңгейін бағалау (білім срезі):

Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша «Қоғамдық қауіпсіздік» кадрларды даярлау бағыты бойынша білім алушылардың дұрыс жауап беру көрсеткіші 66,67%-ды құрады, бұл белгіленген нормативтен (кемінде 70%) төмен

– Кадрлық әлеует:

«8D12301 - Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша профессор-оқытушылар құрамындағы ғылыми дәрежесі/академиялық дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы бар, сондай-ақ әскери (арнайы) атағы подполковниктен төмен емес және соңғы 10 жылда кемінде 3 жыл педагогикалық өтілі бар штаттық оқытушылардың үлесі 66,7%-ды құрады, бұл талап етілетін 80% нормативтен төмен

– Білім алушыларды медициналық қызметпен қамтамасыз ету:

Академия штатында медициналық қызметкер лауазымы қарастырылмаған.

Медициналық пункт толық жабдықталмаған, қажетті құрал-жабдықтардың бірқатары жоқ (резеңке жгут, грелка, мұзға арналған қап, бүйрек тәрізді лоток, металл шпатель, иммобилизация шиналары), бұл санитарлық талаптарға сәйкес келмейді. Бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚҚ ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидалардың 10-қосымшасындағы «Медициналық кабинетті жабдықтауға арналған медициналық құрал-жабдықтар мен аспаптардың ең төменгі тізбесі» талаптарына сәйкес келмейді.

Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген және МЖМБС талаптарына сәйкес әзірленген білім беру бағдарламасының болуы.

Ұсынылған білім беру бағдарламаларын талдау нәтижесінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына бірқатар сәйкессіздіктер анықталды:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-ның 83-тармағына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламалары модульдік оқыту қағидаты бойынша құрылуы тиіс. Алайда магистратура мен докторантураның жұмыс оқу жоспарлары модульдік қағидатта құрылғанымен, білім беру бағдарламаларының өзінде модульдер көрсетілмеген.

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім беру бағдарламасы білім берудің негізгі сипаттамаларының (мақсаттары, нәтижелері, мазмұны, оқу процесін ұйымдастыру, оны іске асыру әдістері мен тәсілдері, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау критерийлері) біртұтас кешенін қамтуы тиіс. Алайда ұсынылған білім беру бағдарламаларында пәндердің сипаттамасы жоқ, бұл білім алушыларды даярлау мазмұнын және оқу нәтижелерін қалыптастыру логикасын толық бағалауға мүмкіндік бермейді.

3) Барлық ұсынылған білім беру бағдарламаларында оқу нәтижелері нөмірленбеген және нақты пәндермен байланыстырылмаған жалпы тізім түрінде берілген. Сонымен қатар, МЖМБС-ның 59 және 105-тармақтарына сәйкес оқу нәтижелері білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жекелеген модульдер немесе пәндер деңгейінде де қалыптастырылуы тиіс. Алайда пәндер мен оқу қызметінің басқа түрлері бойынша тиісті оқу нәтижелері көрсетілмеген. Пәндер мен оқу нәтижелері арасындағы өзара байланыстың болмауы әр пәннің білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыруға қосатын үлесін бағалауды қиындатады және білім беру процесінің ашықтығын төмендетеді.

4) Білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларында пән атауларының қазақ тіліндегі нұсқаларында сәйкессіздіктер анықталды. Мысалы, білім беру бағдарламасында пән «Шетел тілі (кәсіби)» деп көрсетілсе, жұмыс оқу жоспарында «Шет тілі (кәсіптік)» деп берілген; «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің өзекті проблемалары» – «Сотқа дейінгі тергеудің өзекті мәселелері»; «Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық» – «Қылмысқа қарсы күресудегі халықаралық ынтымақтастық»; «Жоғары мектептің педагогикасы» – «Жоғары мектеп педагогикасы».

5) Бейіндеуші пәндер циклі қазақ тілінде әртүрлі көрсетілген: жұмыс оқу жоспарларында «бейіндеуші», ал білім беру бағдарламаларында «бейіндік» термині қолданылған. Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-

ның 3.1, 4, 8, 9, 17, 65-тармақтарында және 2, 4, 8-қосымшаларында бұл цикл «бейіндеуші» деп белгіленген.

6) МЖМБС-ның 8-қосымшасына сәйкес «Зерттеу практикасы» деп көрсетілуі тиіс болғанымен, талданған білім беру бағдарламасында «Зерттеу практика» деп берілген. Нормативтік терминологияға толық сәйкес келмеуі оқу құжаттарын рәсімдеудің бірізділік қағидатын бұзады. Осыған байланысты білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларында атауды МЖМБС талаптарына толық сәйкестендіру ұсынылады.

7) МЖМБС-ның 4, 6, 7, 65-тармақтарына сәйкес жоғары оқу орындарында базалық (БП) және бейіндеуші (ПП) пәндер циклдері жоғары оқу орны компоненті (ЖООК) пәндерін қамтуы тиіс. Алайда талданған білім беру бағдарламаларында пәндер тиісті компоненттерге бөлінбеген.

8) МЖМБС-ның 55 және 101-тармақтарына сәйкес магистратура мен докторантурада бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті құрауы тиіс. Алайда 7М12301 «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасында екінші оқу жылының жүктемесі 53 кредитті, ал 8D12301 «Құқық қорғау қызметі» бағдарламасында үшінші оқу жылының жүктемесі 57 кредитті құрайды, бұл белгіленген нормативтен төмен.

9) Докторантураның білім беру бағдарламасында «Академиялық жазу» атауы қолданылған, ал МЖМБС-та «Академиялық хат» атауы көрсетілген. Терминологияны біріздендіру мақсатында пән атауын МЖМБС-та қолданылатын нұсқаға, яғни «Академиялық хат» түріне келтіру ұсынылады.

– *Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету*:

Бірінші оқу жылының жүктемесі 67 кредитті, ал екінші оқу жылы – 53 кредитті құрайды. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС-ның 55-тармағына сәйкес бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті және кемінде 1800 академиялық сағатты құрауы тиіс. Осылайша, білім алушылардың жылдық оқу жүктемесіне қойылатын нормативтік талаптардың сақталмауы анықталды.

МЖМБС-ның 101-тармағына сәйкес бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитті құрауы тиіс. Алайда докторантураның білім беру бағдарламасында үшінші оқу жылының жүктемесі 57 кредитті құрайды, бұл МЖМБС талаптарының сақталмағанын көрсетеді.

Бейіндік магистратура магистранттарының жеке жұмыс жоспарларын талдау барысында бірқатар жоспарларда практика мен тағылымдама бөлімінде олардың өту мерзімдері, сондай-ақ эксперименттік-зерттеу жұмыстарының орындалуы туралы мәліметтердің жоқтығы анықталды. Сонымен қатар жоспарланған іс-шаралардың орындалғаны туралы белгілер де көрсетілмеген.

Сондай-ақ кейбір жеке жоспарларға (К. Забиханов, С. Жанатбай) білім беру бағдарламасында көзделмеген зерттеу практикасы енгізілген. МЖМБС-ның 20-тармағы мен 4-қосымшасына сәйкес бейіндік магистратурада өндірістік практика қарастырылған. Бұл жеке жоспарлардың бекітілген білім беру бағдарламасымен сәйкессіздігін және МЖМБС-та белгіленген құрылымның сақталмағанын көрсетеді.

Ғылыми жарияланымдар жоспары мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға арналған бөлімдерді талдау жеке жұмыс жоспарларын

рәсімдеуде бірыңғай тәсілдің жоқтығын көрсетті. Кейбір жоспарларда жарияланым тақырыптары көрсетілмеген, сондай-ақ жарияланым жоспарының орындалуы туралы белгілер жоқ.

Ғылыми-педагогикалық магистратура магистранттарының жеке жұмыс жоспарларын талдау барысында да білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкессіздіктер анықталды. Атап айтқанда, қазақ тілінде білім алатын 6 магистранттың барлығының жеке жоспарларында білім беру бағдарламасының құрылымында қарастырылмаған ғылыми практика бөлімі енгізілген. Ал МЖМБС-ның 17-тармағына сәйкес ғылыми-педагогикалық магистратура бағдарламасында педагогикалық және зерттеу практикасы көзделуі тиіс.

Сонымен қатар, жарияланымдар жоспарына қатысты бөлімнің құрылымы біркелкі рәсімделмеген: кейбір жеке жұмыс жоспарларында жарияланым тақырыбы көрсетілетін баған жоқ, сондай-ақ жоспардың орындалғаны туралы белгілер де көрсетілмеген.

Докторанттардың жеке жұмыс жоспарларын талдау барысында да бірқатар кемшіліктер анықталды. Жекелеген жоспарларда докторлық диссертацияны орындау жоспарына сәйкес іс-шаралардың орындалғаны туралы белгілер жоқ (мысалы, Ш. Алекешевтің 2025 жылға арналған бөлімінде жоспар тармақтарының орындалуы белгіленбеген). Сонымен қатар барлық докторанттарда жоспарланған ғылыми жарияланымдардың тақырыптары көрсетілмеген.

Бұдан бөлек, жарияланымдық белсенділікке қатысты бөлімнің құрылымы да біріздендірілмеген: кейбір жоспарларда мақала тақырыбына арналған баған жоқ, ал басқа жағдайларда жарияланым тақырыптары «орындалуы туралы белгі» бағанында көрсетілген. Бұл оқу құжаттарын рәсімдеудің бірізділік қағидатының сақталмағанын көрсетеді.

– Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету:

Силлабустарды талдау нәтижесінде бірқатар пәндер бойынша оқу нәтижелері білім беру бағдарламасының негізгі элементтерінің бірі ретінде көрсетілмегені немесе «білу», «істей алу», «дағдыларды меңгеру», «құзыретті болу» сияқты санаттарда беріліп, өлшенетін нәтижелер форматында құрылымдалмағаны анықталды. Сонымен қатар кейбір силлабустарда оқу нәтижелері ретінде құзыреттер көрсетілген. Осылайша, силлабус құрылымында «құзырет» пен «оқу нәтижесі» ұғымдарының ара-жігі ажыратылмаған. Бұл оқу нәтижелерін әдіснамалық тұрғыдан дұрыс тұжырымдамаудың белгісі болып табылады, олардың деңгейлік сарапануы сақталмаған және нақты пән бойынша мақсаттармен, мазмұнмен және күтілетін оқу жетістіктерімен тікелей байланысын анықтауға мүмкіндік бермейді.

Силлабустарды талдау бағалаудың ашықтығы мен объективтілігінің жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегенін көрсетті. Бағалау критерийлері негізінен «өте жақсы», «жақсы» және т.б. деңгейлер бойынша топтастырылған (A, A-, B+, B, B-, C+ және т.б.) әріптік бағалар шкаласы түрінде берілген, алайда нақты балл диапазондарының (мысалы, 90–94 немесе 95–100 балл) қандай оқу жетістіктері үшін қойылатыны ашып көрсетілмеген. Сараланған бағалау критерийлерінің болмауы бағалаудың нақтылығын төмендетеді.

Сондай-ақ пән силлабустарында оқу элементтерін меңгерудің логикалық сабақтастығын қамтамасыз ететін және жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу

үшін қажетті академиялық базаны қалыптастыратын пре- және постреквизиттер жүйесінің болмауы анықталды.

– Оқу мерзіміне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету:

Магистратура мен докторантурада оқу жүктемесін оқу жылдары бойынша бөлу МЖМБС талаптарына сәйкестендіру мақсатында түзетуді қажет етеді.

– Кәсіби практика (тағылымдама):

Қазақстан Республикасы ІІМ әскери және арнайы оқу орындарының білім алушыларының кәсіби практика мен тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру қағидаларының талаптарын бұзу фактілері анықталды. Атап айтқанда: кредит көлемінің сәйкессіздігі, бұйрықтарда практика жетекшілерінің көрсетілмеуі, құжаттаманың формалды түрде толтырылуы, сондай-ақ құжаттарды бекіту мерзімдерінің дұрыс көрсетілмеуі. Жалпы алғанда, бұл практика мен тағылымдаманы ұйымдастыру және бақылауда формалды көзқарастың бар екенін көрсетеді.

Осы бұзушылықтар қорытындыда көрсетілген. Егер қосымша ұсыныстар немесе толықтырулар болса, енгізулеріңізді сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, қорытынды бойынша ұсыныстар немесе сұрақтар бар ма? Бүгінгі таңда мемлекеттік аттестаттау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуіміз қажет.

К.Е. Аблезов: Иә, Жоспар жобасы дайындалды, бұл бүгінгі күн тәртібіндегі менің екінші мәселем.

Ж.Р. Дильбарханова: Ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шараларды дайындау бойынша шаралар қабылдансын.

3. Анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін, онда аяқталу нысаны, мерзімдері, орындаушылар және іске асыру сапасына бақылау жүргізуге жауапты тұлғалар көрсетілсін.

Жауаптылар: К.Е. Аблезов, Н.К. Сейтжанова.

2 Ж.Р. Дильбарханова: Келесі мәселеге көшеміз «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан 2026 жылғы 27–30 сәуір аралығында анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылау туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: К.Е. Аблезов, ол осы мәселе бойынша ақпарат ұсынды (экрандағы материалды көрсету).

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан 2026 жылғы 27–30 сәуір аралығында

жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Жоспарда іс-шаралардың аяқталу нысандары, орындау мерзімдері, орындаушылар және іске асыру сапасына бақылау жүргізуге жауапты тұлғалар көрсетілген.

Назарларыңызды экранға аударуларыңызды сұраймын, жоспарда келесі іс-шаралар көзделген:

– *Білім алушылардың білім деңгейін бағалау бойынша* (*білім срезі):*

Білім алушылардың алған білімдері мен дағдыларын көрсету қабілетін арттыруға бағытталған кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін жетілдіру.

– *Кадрлық әлеует бойынша:*

8D123 «Қоғамдық қауіпсіздік» кадрларды даярлау бағыты бойынша «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасында штаттағы ғылыми дәрежесі бар оқытушылар үлесін жалпы оқытушылар санының кемінде 80%-ына жеткізуді қамтамасыз ету.

– *Білім алушыларды медициналық қызметпен қамтамасыз ету:*

Білім алушыларға тиісті медициналық сүйемелдеу мен медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау.

Медициналық құрал-жабдықтар мен аспаптардың ең төменгі қажетті жиынтығының болуын қамтамасыз ету.

– *Білім беру бағдарламасының МЖМБС талаптарына сәйкестігі (Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілуі) бойынша:*

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау:

– мемлекеттік тілде зерттеу практикасының атауын нормативтік терминологияға сәйкестендіру («Зерттеу практикасы»);

– білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларында пәндер циклдерінің атауларын («бейіндеуші пәндер») біріздендіру;

– білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларында пән атауларын мемлекеттік тілде толық сәйкестендіру;

– базалық және бейіндеуші пәндер циклдеріндегі пәндердің жоғары оқу орны компонентіне тиесілігін міндетті түрде көрсету;

– магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың жылдық оқу жүктемесін МЖМБС-ның 55 және 101-тармақтарының талаптарына сәйкестендіру.

Білім беру бағдарламаларының оқу нәтижелерін түзету, оларды нөмірлеу, нақтылау және пәндермен, модульдермен және оқу қызметінің өзге түрлерімен байланыстыруды қамтамасыз ету, әр пәннің білім алушылардың құзыреттерін қалыптастыруға қосатын үлесін көрсету.

Білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларының мазмұнының сәйкестігін қамтамасыз ету, пән атауларында, құрылымында және мазмұнында алшақтықтарды жою.

Білім беру бағдарламаларын модульдік оқыту қағидаттарына сәйкес құрылымдау, модульдерді тікелей білім беру бағдарламаларында көрсету.

Білім беру бағдарламаларының мазмұнына пәндердің сипаттамасын, әр пән және өзге оқу қызметтері бойынша оқу нәтижелерін енгізу.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлері үшін білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларының құрылымын біріздендірілген форматта қолдану, оқу құжаттарын рәсімдеу, терминология және мазмұн бойынша бірыңғай талаптарды сақтау.

– Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету:

Магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларын білім алушылардың жылдық оқу жүктемесін сақтау бөлігінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдау.

– Білім алушылардың жеке жұмыс жоспарларының бекітілген білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымына сәйкестігін қамтамасыз ету, МЖМБС және білім беру бағдарламаларында көзделмеген практика түрлерін алып тастау.

– Магистранттар мен докоранттардың жеке жұмыс жоспарларының құрылымына, рәсімделуіне, іс-шараларды орындау мерзімдерін көрсетуге, жарияланымдық белсенділікке және орындалуы туралы белгілерге бірыңғай талаптарды белгілейтін унификацияланған нысанын әзірлеу және бекіту.

– Білім алушылардың жеке жұмыс жоспарларын толық әрі дұрыс толтыруға және олардың орындалуына ғылыми жетекшілер тарапынан бақылауды күшейту.

– Білім беру бағдарламалары, жеке жұмыс жоспарлары және практика түрлері бойынша құжаттаманы рәсімдеуде және терминологияны қолдануда МЖМБС талаптарына сәйкес бірізділикті қамтамасыз ету.

– Білім алушылардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламалары мен пәндердің силлабустарында оқу нәтижелерін жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкес қалыптастыруды қамтамасыз ету, оларды нөмірлеу, өлшенетін ету, деңгейлік саралау және нақты пәндермен, практикалармен, ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыстарымен және қорытынды аттестаттаумен байланыстыру.

Білім беру бағдарламалары мен силлабустарда «құзырет» және «оқу нәтижесі» ұғымдарының аражігін ажырату, оқу нәтижелері ретінде құзыреттерді, сондай-ақ «білу», «істей алу», «дағдыларды меңгеру» сияқты санаттарды қолдануды болдырмау.

Білім беру бағдарламаларындағы барлық пәндер бойынша оқу нәтижелерінің болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды тұжырымдауда тиісті білім беру деңгейлерінің Дублин дескрипторларына сәйкес бірыңғай әдіснамалық тәсілдерді енгізу.

Пән силлабустарындағы бағалау критерийлерін қайта қарау, оларды нақтылау, саралау және ашықтығын қамтамасыз ету, оқу қызметінің түрлерін, күтілетін оқу нәтижелерін және Академиялық саясат ережелерін ескере отырып жетілдіру.

Пәндерді меңгерудің логикалық бірізділіғін қамтамасыз ету және білім алушылардың қажетті академиялық базасын қалыптастыру мақсатында силлабустарда пре- және постреквизиттер жүйесін қарастыру.

– Оқу мерзіміне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету:

Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың жылдық оқу жүктемесінің бөлінуін жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС талаптарына сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдау.

Білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларын әзірлеу және түзету барысында бір оқу жылына шаққандағы академиялық кредиттердің ең төменгі көлеміне қойылатын нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

– Кәсіби практика (тағылымдама):

*2026–2027 оқу жылына арналған 7М12302 – «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы мен жұмыс оқу жоспарын (*ББББ және ЖОЖ*) сәйкестендіру.*

Жоғарыда көрсетілген мерзімдер мен орындаушыларды ескере отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын мақұлдауларыңызды сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Алдағы аттестаттаудан сәтті өту үшін бұл мәселенің қағидаттық маңызы бар екенін атап өтемін, осыған байланысты әрбір құрылымдық бөлімше басшысына жеке жауапкершілік жүктеледі.

Жоспарда бекітілген жауапты тұлғаларға ескертулер жасалған әрбір бағытты мұқият зерделеп, оларды жою бойынша толыққанды шаралар қабылдау қажет.

Ж.Р. Дильбарханова: Бұл мәселенің тұрақты бақылауда және орындалуда болуына ерекше назар аударуларыңызды сұраймын.

Н.К. Сейтжанова: Иә, жұмыс жүргізіледі. Бұзушылықтарды жою нәтижелері Ғылыми кеңес отырысында да қаралуы тиіс, содан кейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетіне жолданады. Орындау және есеп беру мерзімі – 10 мамыр деп белгілейміз.

Ж.Р. Дильбарханова: Әріптестер, тағы ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпаратты назарға алыңыз.

2 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті тарапынан 2026 жылғы 27–30 сәуір аралығында жүргізілген мемлекеттік аттестаттау қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары мақұлдансын және бекітілсін.

3 Жоспарлау және бақылау бөлімі іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетіне танысу үшін жолдасын.

4 Жоспарға сәйкес білім беру сапасын ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған кешенді шаралар қабылдансын.

5 Жауапты тұлғалар Академияның білім беру қызметінің тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының нормативтік талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз етсін.

6 Жоспар тармақтарының орындалуына бақылау К.Е. Аблезовқа жүктелсін.

Жауаптылар: К.Е. Аблезов, Н.К. Сейтжанова, факультеттердің, кафедралардың/орталықтардың бастықтары. Орындау мерзімі: 2026 жылғы 10 мамыр.

3 Ж.Р. Дильбарханова: Келесі мәселені талқылауға көшеміз: «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» және «7М12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларына, жұмыс оқу жоспарларына және академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізу туралы».

ТЫҢДАЛДЫ: Н.К. Сейтжанова, аталған мәселе бойынша ақпарат ұсынды (материал экраннан көрсетілді).

Құрметті төраға, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Оқу-әдістемелік кеңестің қарауына «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» және «7М12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларының құрылымына, жұмыс оқу жоспарларына және академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізу мәселесі ұсынылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру бағдарламаларының құрылымдарына өзгерістер енгізілді, жылдық оқу жүктемесінің белгіленген нормативтерге сәйкестігі қамтамасыз етілді. Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы (семестрлер бойынша 5, 8, 13 кредит) және докоранттардың оқу-ғылыми қызметі, оның ішінде зерттеу және педагогикалық практикалар, сондай-ақ ДҒЗЖ семестрлер бойынша қайта бөлінді (13-тен 24 кредитке дейін бөлумен). Докорантураның білім беру бағдарламасы құзыреттер модульдерімен (әдіснамалық, кәсіби, аналитикалық, құқық қолдану және зерттеушілік) толықтырылды. Бағдарламаларға пәндердің сипаттамалары мен оқу нәтижелері енгізілді, атаулардағы сәйкессіздіктер жойылды (оның ішінде қазақ тілінде), терминология МЖМБС-қа сәйкестендірілді, практикалардың түрлері нақтыланды, БП және БП пәндері жоғары оқу орны компонентіне жатқызылды, пәндердің атаулары біріздендірілді.

Жұмыс оқу жоспарлары білім беру бағдарламаларының жаңартылған құрылымдарына сәйкестендірілді.

2025–2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізілді: магистратура бойынша МҒЗЖ және аралық аттестаттау мерзімдері түзетілді (2026 жылғы маусым–шілде) және МҒЗЖ-ның бір бөлігі 4 семестрге ауыстырылды; докорантура бойынша зерттеу практикасының, аттестаттаудың және каникулдардың мерзімдері нақтыланды (2026 жылғы мамыр–тамыз).

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде білім беру бағдарламаларына енгізілген өзгерістерді, жаңартылған жұмыс оқу жоспарларын және академиялық күнтізбеге енгізілген өзгерістерді мақұлдауды сұраймын.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР: Ж.Р. Дильбарханова:

Әріптестер, тағы ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер қарсылықтар болмаса, дауыс беруге өтуді ұсынамын.

Ж.Р. Дильбарханова, *дауыс беруге енгізіледі: «қолдап» - 16, «қарсы» - 0, «қалыс қалғандар» - 0.*

ШЕШТІ:

1 Ақпаратты назарға алыңыз.

2 «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» және «7M12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламаларына, жұмыс оқу жоспарларына және академиялық күнтізбеге енгізілетін өзгерістер мақұлдансын және бекітілсін.

Жауаптылар: Н.К. Сейтжанова, факультеттердің, кафедралардың /орталықтардың бастықтары. Орындау мерзімі: 2026 жылғы 10 мамыр.

ТЫҢДАЛДЫ: Ж.Р. Дильбарханова: Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі кезектен тыс отырыстың барлық мәселелері толық көлемде қаралды. Сұрақтар, ұсыныстар немесе толықтырулар бар ма? Егер толықтырулар болмаса, Ғылыми кеңес отырысын жабық деп жариялаймын.

Академияның Ғылыми кеңесінің төраға
заң ғылымдарының докторы,
профессор
полиция полковнигі **Ж.Р. Дильбарханова**

Академияның Ғылыми кеңесінің
ғалым хатшысы
заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор (доцент)
полиция полковнигі **А.Б. Айтуарова**